

## БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

## Масса. Өлшеу және салыстыру

ЖАРИЯЛАНДЫ  
09.05.2020

СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/73418/>

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі:	2 бөлім 5 тарау	
	Жиын және логика элементтері	
Күні: Сынып: 1	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Масса. Өлшеу және салыстыру	
Оқу мақсаттары	1.1.3.1 Ұзындық, масса, сыйымдылық және олардың өлшем бірліктері (см, дм, кг, л) туралы түсінігі болу және салыстыру. 1.1.3.3 шамалар мөндерін (см, дм/ кг/ л/ сағ) салыстыру және амалдар орындау.	
Сабақ мақсаттары:	<b>Барлық оқушылар:</b> Артық «<», кем «>», тең «=» таңбаларын массаны өлшеу кезінде пайдалана алу. <b>Көптеген оқушылар:</b> Массаны өлшеу барысында өлшем бірліктерді қолдану, салыстыру және теңдіктер, теңсіздіктер құрастыра білу. <b>Кейбір оқушылар:</b> Белгісіз масса бірлігін табу, кері теңсіздіктер құрастыра алу.	
Бағалау критерилері	— Артық, кем, тең таңбаларын массаны өлшеу кезінде пайдалана алады. — Массаны өлшеу барысында өлшем бірліктерді қолданады және салыстырады, теңдіктер және теңсіздіктер құрастыра алады. — Белгісіз масса бірлігін табады, кері теңсіздіктер құрай алады.	
Пәнаралық байланыс	Сауат ашу, көркем еңбек, дүниетану.	
Тілдік мақсаттары	Кіртас	
Құндылықты дарыту	Ұстаз бен оқушылар арасындағы ынтымақтастықты дарыту	
АКТ қолдану дағдылары	Видео жазба, интербелсенді тақта.	
Алдыңғы білім	Масса туралы және өлшем бірліктерді біледі.	
<b>Сабақ барысы</b>		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар

<p><b>Сабақтың басы</b></p> <p><b>2 минут</b></p>	<p>Психологиялық ахуал  <b>«Суретті тап»</b> әдісі          Қобдишаға тақырыпқа қатысты суреттер салынады. Бір оқушы қобдишадан суретті алып, 1 минутта ондағы суретті өзін атамай сипаттап түсіндіруі керек. Суретті тапқан оқушы келесі сөзді алып түсіндіруді жалғастырады.</p>	<p>Қобдиша          Суреттер</p>
<p><b>2 минут</b></p>	<p>Топқа бөлу          «Қаңбақ шал» ертегісіндегі кейіпкерлер арқылы топқа бөлу.          «Қаңбақ шал», «Желаяқ» және «Таусоғар» тобы (Балалар өздеріне ұнаған кейіпкерді таңдап үш топқа бөлінеді)          Тақырыпты ашу  <b>«Айырмашылығы неде?»</b> әдісі          — Балалар ертегі кейіпкерлеріне зер салайық          — Не көріп тұрмыз?          — Желаяқ қандай екен?          — Таусоғар ше?          — Қаңбақшал ше?  <i>(Оқушылар ауыр, жеңіл қасиеттерін олардың массасын сипаттайды)</i>          — Балалар бүгінгі тақырыбымыз масса туралы болмақ.</p>	<p>Қаңбақ шал, Желаяқ, Таусоғар суреттері</p> <p>Суреттер</p>
<p><b>2 минут</b></p>		

<p><b>Сабақтың ортасы</b></p> <p><b>7 минут</b></p>	<p><b>1 тапсырма «Кім күшті»</b> ойыны Топтық жұмыс 1-топ: екі балуан 2-топ: екі кірпі 3-топ: екі қоян кім күшті екенін таба алмай дауласты. Сіздер дауды шешуге көмектесіңіздер. Оқушыларға артық «&lt;», кем «&gt;» таңбалары жазылған қағаздар таратылады. Оқушылар таңбалар арқылы салыстырады. Ұқсас 1,2 мысал келтіреді. &gt; &lt; &gt; Дескриптор: Суреттерді салыстырады, артық, кем, тең таңбаларын массаны өлшеу кезінде дұрыс қолданады. Бағалау: Кіртастар арқылы бағалау. <b>2 тапсырма</b> Дәптермен жұмыс. Бір жәшікте 12 кг, ал екінші жәшікте 10 кг алма бар. Қай жәшіктегі алма массасы кем? Қаншаға кем? Санды теңсіздіктер құрастыр. Жауабы: 12 кг &gt; 10 кг      10 кг &lt; 12 кг</p>	<p>Кеспе қағаздар, суреттер</p> <p>Кіртастар</p>
<p><b>4 минут</b></p>	<p>Дескриптор: Массаны өлшеуде өлшем бірліктерді қолданады, салыстырады, теңдіктер және теңсіздіктер құрастыра алады Бағалау: «Үлдірленген критерийлер» арқылы бағаланады. Ынталандыру сөздері жазылған стикерлер.</p> <p><b>3 тапсырма «Сәйкесін тап»</b> Жұптық жұмыс Қандай кіртасты таңдау керек? Сәйкес келетін кіртасты белгіле. <math>3+x &gt; 3+2</math> Жауабы: <math>3+5 &gt; 3+2</math> <math>3+8 &gt; 3+2</math> <math>3+10 &gt; 3+2</math> <math>3+3 &gt; 3+2</math> <math>3+4 &gt; 3+2</math> Дескриптор: Белгісіз масса бірлігін табады. Бағалау: Смайликтер арқылы</p>	<p>Ынталандыру сөздері жазылған стикерлер</p>
<p><b>8 минут</b></p>	<p><b>Сергіту сәті</b> Видео ролик арқылы <b>4 тапсырма</b> Жеке жұмыс <b>«Менің кепкам»</b> Салыстыруға берілген есептер Кеспе қағаздарға жазылған өрнектер беріледі. Кепкада артық, кем, тең таңбалары жазылып тұрады. Оқушылар салыстырып өздерінің кепкаларын киеді <b>А деңгейі</b> Оқушылар шамалар массасы бойынша сандық теңсіздіктер арасына салыстыру белгісін қояды. 12 кг    15 кг                    18 кг * 8 кг 40 г * 40 г                    16 г * 17 г 90 кг * 9 кг                    99кг * 50 кг 60 кг * 50 кг                    19 кг * 60 кг</p>	<p>Смайликтер</p> <p>Интербелсенді тақта</p> <p>Кепкалар</p>
<p><b>7 минут</b></p>	<p><b>В деңгейі</b> Оқушылар ұяшыққа сандар жазу арқылы сандық теңсіздіктерді салыстырады.</p> <div style="border: 1px solid black; padding: 5px; width: fit-content; margin: 10px auto;">20</div> <p>12 кг *    кг кг                    18 кг *    кг г г * 40 г                    г * 17 г 90 кг *    кг                    99кг *    кг кг кг * 50 кг                    кг * 60 кг</p> <p><b>С деңгейі</b> Санды теңсіздіктерді салыстырады, кері теңсіздік құрайды. 12 кг    15 кг    12 кг    15 кг                    18 кг * 8 кг 40 г * 40 г                    16 г * 17 г 90 кг * 9 кг                    99кг * 50 кг 60 кг * 50 кг                    19 кг * 60 кг</p> <p>Дескриптор: Теңсіздіктерді салыстырады және кері теңсіздіктер құрайды. Бағалау: «Көңіл күй букеті» Оқушылар гүлдерді вазаға бекітуі қажет. Қызыл түс – әліде көмек қажет. Сары түс – толық орындамадым . Жасыл түс – барлығы жақсы.</p>	<p>Түрлі – түсті гүлдер</p>

<p><b>Сабақтың соңы</b> <b>4 минут</b></p> <p><b>Рефлексия 2 минут</b></p>	<p>5 тапсырма <b>«Сурыптау»</b> ойыны Жүк машинасы және жеңіл машинасы ілінеді. Оқушылар ауыр және жеңіл заттарды көліктерге орналастырады.</p> <p><b>Дескриптор:</b> Ауыр және жеңіл заттарды ажыратыды. <b>Бағалау:</b> «Көңілді көліктер» арқылы бағалау.</p> <p><b>«SMS хабарлама»</b> әдісі Оқушылар сабақтан алған әсерімен смс жазу арқылы бөліседі.</p>	<p>Суреттер</p> <p>Стикерлер</p>
<p><b>Үйге тапсырма</b></p>	<p>3 есеп салыстыру</p>	

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.